




Тұрар Рысқұлов Коминтерн өкілі ретінде Моңғолияда қызметте болған кезінде Моңғолия астанасы Улан-Батор қаласының атауын да ұсынғаны туралы көпшілік біле бермейді. Бұл туралы америкалық тарихшы Майкл Диллонның «Столица Монголии» атты жинағында, И.Ломакиннің «Монгольская столица, старая и новая» кітабында баяндалады.

Тұрар Рысқұловтың тарихи бейнесі заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы», Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» атты романдар сериясында



Тәуелсіздік жылдары Тұрар Рысқұлов еңбектерінің 5 томдық толық жинағы жарық көрді. Халқымыздың біртуар перзентінің есімі ел есінде мәңгі сақталады.



«И. Шухов атындағы орталық қалалық кітапхана» КММ



Құрастырған және безендірген:
ОҚК библиографы Г. Ж. Алқайдарова

«И. Шухов атындағы
орталық қалалық кітапхана» КММ

Мекен-жайы: СҚО, Петропавл қ.,
Брусилловский к., 65
Телефон: 8(7152)50-04-11
8(7152)33-19-57

E-mail: shuhov_lib@mail.ru
Сайт: shuhovlibrary.kz

<https://vk.com/shuhovlibrary>
[@shuhov_kitaphana](https://www.facebook.com/shuhovlibrary)
<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>
<https://www.youtube.com/@shuhovlibrary>

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – ТАРИХИ ТҰЛҒА

/130 жылдық мерейтойына орай /

БУКЛЕТ

ПЕТРОПАВЛ
2024

Тұрар Рысқұлов 1894 жылғы 26 желтоқсанда бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, Шығыс Талғар болысында дүниеге келген.

«Түрме баласы»

Тұрардың әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы патша билігінің көрсеткен әділетсіздіктерінен көңілі қалып, XIX ғасырдың 80-жылдары сонау Сырдариядан Жетісу облысына қарай қоныс аударады. 1904 жылы ызғарлы желтоқсан айында Рысқұл түрмеге қамалады.

Кейін маңдайына біткен жалғыз ұлын қасына алдырады. Тұрарға «Түрме баласы»

лақап аты беріледі. Жас бала түрме үйлерін сыпырып, түрме бастығының атын бағатын болады. Сол жерде жүріп елгезек бала орыс тілін жетік меңгеріп алады.

Дегенмен, Рысқұлға 10 жыл беріледі де, Сахалинге жер аударылады. Ал кішкентай Тұрарға нағашыларының қолына келіп, тұруға тура келеді. Нағашыларына келген Тұрар «Қырғызбаев» атты жалған текпен өмір сүреді. Кейін Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектепте тәлім алады.



Жас Тұрар Меркідегі орыс-қазақ мектеп-интернатын, Пішпек ауылшаруашылық мектебін бітіргеннен кейін Ташкент педагогикалық институтында оқыған.



Қазақ халқының біртуар перзенті Тұрар Рысқұлов елдік мүддені ұлықтап, ұлт пен ұрпақ қамы, тәуелсіздік мұраттары жолында аянбай еңбек етті.

Тұрар Рысқұлов жастарға білім беруге, маманданған қазақ жұмысшыларын қалыптастыруға, қазақ жастарын Ресейдің және шетелдік оқу орындарында оқытуға баса назар аударды.

Тұрар Рысқұловтың бастамасы бойынша Қазақстанда Түркістан-Сібір темір жолы салынды, Қарағанды, Шығыс және Оңтүстік Қазақстанның металлургия кешендері, Батыс Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі пайда болды.

Қарымды қайраткер халықты алапат аштықтан арашалауға, ел экономикасын көтеруге арналған мәселелерді қозғап, нақты көмек көрсету ісін жалпы мемлекеттік мәселе ретінде алға тартады.



Тұрар Рысқұловтың Сталинге хаты

Тұрарды өз халқы үшін өлімге бас тіккен бұл әрекеті теңдессіз ерлік.

Мұны көрнекті жазушы, драматург Ш.Мұртаза: Рысқұлов Сталинге жазған хатында «ұстараның жүзімен» жүріп отырған, сәл тайқып кеткенде – бітіп еді. Әйтсе де, Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хаты үшеу: біріншісі – 1932 жылдың қыркүйегінде, екіншісі – 1933 жылдың қаңтарында жазылған, үшінші хаты 1933 жылдың наурызында жазылған. Рысқұловтың үшінші хаты ерекше көзге түседі.

Тұрар хатының осы тұсында Рысқұлов саясаткер – Сталин және оның айналасын басқыншылықты туындатып отырған өз бақылауларының нәтижесіне бет бұрғызады. Қазақ жұртына қаралы күн туғызған, барысында оның ұлттық ерекшелігі ескерілмеген коллективтендіру саясатын Қазақстанның жағдайында мүлде өзгерту қажет екенін түсіндіреді.

1937 жылы 21 мамырда қамауға алынды. 1938 жылы 8 ақпанда ол сотталып, өлім жазасына кесіліп, екі күннен кейін өлім жазасына кесілді. 2

1956 жылы 8 желтоқсанда ақталды, бұл оған қарсы қылмыстық істі жарамсыз деп тануды білдіреді.